

**АЛМАТЫ АВТОМЕХАНИКА
КОЛЛЕДЖІ**



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

**ТАҚЫРЫБЫ: «MITSUBISHI PAJERO SPORT»
жеңіл автокөлігінің алдыңғы жетекші белдігі».**



Түлек № 06 топ

Дошимов Абылайхан Асқарұлы

«**MITSUBISHI PAJERO SPORT**»

жеңіл
автокөлігінің даму
тарихы






Mitsubishi жапон автокөлігінің шығу тарихы олардың алғашқы машиналары пайда болмай тұрып шыққан. Компанияның негізін қалаушы Ятаро Ивасаки (Yataro Iwasaki) 1835 жылы дүниеге келді.



Отыз бес жастағы Ятаро бұл саладан жоғары жетістіктерге жетіп, ол Тоса әулиетінен 3 кемеңі жалға алып, Tsukumo Shokai деп аталатын жеке компания құрды. Бес жылдың ішінде компания аты бірнеше рет өзгеріп, 1975 жылы Mitsubishi Mail Steamship Company ("Mitsubishi пошта кемесі") болды.

Ятаро Ивасаки оның жақсы басқарушы және кәсіпкер болуына көмектескенін біліп, өз компаниясының белгісі (эмблема) ретінде елтаңбасына 3-ромбты емен жапырағының кейпіндегі белгіні Тоса қауымының символы ретінде қояды. Бұл эмблемадағы ромбтар бриллианттар символы ретінде қалыптасады. Осылайша "mitsubishi" атауы шығады. Ол үш бриллиант деген мағынаны білдіреді. Сондықтан да Ятаро Ивасаки компаниясының аты өз атымен аталмаған.





Сурет 1.2. Model A.

1917 жылы осыған қарамастан mitsubishi алғашқы автокөлігін құрастырды. Ол Model A деп аталды. Бірақ 1921 жылы бұл модель өндірісіне сұраныс болмай, шығару тоқтатылды. Алайда Жапониядағы өндіріс көрмесінде 1922 жылы осы модель құнды экспонатқа айналды. ХХ-шы ғасырдың басында Жапонияда жеке көлікке сұраныс артта тұст. Ең алғашқы

болып, автобус және жүк автокөлігіне деген сұраныс арта түст. Ең алғашқы mitsubishi T1 моделді жүк автокөлігі 1918 жылы шығарылды. Ол мың шақырым жүріп жапон басшылығы бойынша шыдамдылығы тексерілген болатын. 1923 жылы Mitsubishi ірікөлемді жүк көліктерін шығарды.

1931 жылы Жапонияда ең алғаш дизельдік қозғалтқыш шығарылды. Ол бүрку технологиясын қолданған 450AD моделі, қуаты 70 аттың күшіне тең.

1932 жылы Mitsubishi - B46 автобусының сериялық модельдері шықты. Ол өзінің күшті қуатымен және көлемімен ерекшеленіп, Қытай елінің өзіндік жасағанды.



Сурет 1.3. Mitsubishi - B46 автобусы.



Сурет 1.4. Mitsubishi.

1934 жылы дизельдік отынмен жұмыс істейтін BD43 және BD46 автобустары және форкамерлік дизель SHT6 шығарылды. 1936 жылы дизельдік отынмен жұмыс істейтін TD45 жүк көлігі шығарылды. 1937 жылы тәжірибе ретінде толық жетекті жүк көлігі (4WD) шығарыла бастады. Mitsubishi новаторларының еңбегінің арқасында автокөліктердің негізгі бөлігі дизельдік қозғалтқыштарының жұмыс істеуін арттыруға көп еңбек жұмсалды.

Жапон әскерлерін кемелермен және ұшақтармен толық қамтамасыз ету үшін, 1934 жылы Mitsubishi басқармасы Mitsubishi Heavy Industry деп аталатын біріккен ауыр өнеркәсіп тобын құрды. Ол үш функцияны біріктірді, яғни әуе жолы, кеме және көлік өндірісі. 1945 жылға дейін Mitsubishi концернін толығымен Ивасаки отбасы басқарды. Бірақ Жапонияның екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жеңіліске ұшырауын байқаған Mitsubishi-дің 4-ші президенті Коята Ивасаки жарты акциясын жеке инвесторларға, акциялар кезінде концернді сақтап қалу үшін сатуға мәжбүр болды.





*Сурет 1.5. үш дөңгелекті жүк көлігі
"Mizushima"*


Талқандалған және оккупацияланған елдің экономикасы бірінші орынға автокөліктердің мықтылығы мен отын шығынының аз мөлшерде болуын талап етті. Бұл талаптарды орындау үшін Mitsubishi 1946 жылы мынадай өнімдер өндіре бастады: аз көлемді, үш дөңгелекті жүк көлігі "Mizushima", жүк көтеру күші 400 кг; "Silver Pigeon" мотороллері жеке автокөлік ретінде және В1 автобусы барлық отын түрінде жұмыс істеді. Бұл транспорт түрлері арзан бағасымен және отын шығынының аз мөлшерімен ерекшеленді.





Сурет 1.6. Т31 жүк автокөлігі.

1951 жылы жүк автокөліктерінің жаңа түрлері шығарылды. Т31 жүк автокөлігі шассидің жаңа түрімен, Т33 жүк автокөлігінде алғаш рет Жапонияда пневматикалық асқыш қолданылып, ал Т380 жүк автокөлігі жылжитын кабинамен шығарылды. Келесі жылы Mitsubishi R2 жүк автокөлігін шығарып, оның қозғалтқышы артқы бөлігіне орнатылды. 1959 жылы үш дөңгелекті шағын жүк автокөлігі шығарылды, оның аты Leo деп аталды.





Сурет 1.7. Mitsubishi 500.

1960 жылы Rosa автобустары және 1963 жылы Canter жеңіл жүк автокөліктері шығарылды. 1964 жылы Mitsubishi Heavy Industries Ltd қайта құрылып, ірі автокөлік құрастыру бөліміне ие болды. Келесі жылдары Mitsubishi модельдер қатарын толықтырғандар:

1964 жылы алты цилиндрлі қозғалқышпен Debonair



1960 жылы Mitsubishi арзан бағада Mitsubishi 500 седанын шығарды. Бұл көлік 1962 жылы Макаода Гран-при жеңіп алып, ол әлемде автотранспортқа қатысатынын мәлімдеді. 1962 жылы Minica және Colt 600 жеңіл автокөліктері дами бастады.



Сурет 1.8. Mitsubishi Galant GTO.



Сурет 1.9. Galant Hardtop.

1968 жылы алты жүз килограммдық Delica пикапы және жылдамдығы 140 км/сағ В906R автобусы шығарыла бастады. Ол сол кезде автобус үшін рекорд болатын. Осымен қатар Mitsubishi автокөлік спортында да жақсы жетістіктерге жеткен болатын. Japan Grand Prix Formula Car Race жарысында жеңіске жеткендер: 1966 жылы Colt F3-A және 1967 жылы Colt F2-A, ал 1968 жылы Formula Car Race және Speed Cup Race жарысынан Colt F2-B екі кубок жеңіп алды. Тағыда 1968 жылы Southern Cross үшінші раллиінде Colt 1000F командасы жеңіп алды.





Сурет 1.10. Mitsubishi Galant.

1972 жылы австралиялық континентте Southern Cross жетінші раллиінде, Galant 16GLS командасы жеңген болатын. Жылдар бойы Mitsubishi командалары әлемдік автоспортта өз жеңістерін жалғастырып, жаңа сыйлықтар мен титулдарды иемденді. Mitsubishi Motors Corporation экологиялық проектiлердi қолға алды, яғни қоршаған ортаның ластануын болдырмай. Бұл проектiге Mitsubishi Clean Air (MCA) қозғалтқыш сериялары мысал болды.





Сурет 1.11. Forte (L200) пикапы.

1978 жылы Mirage (Colt) және пикап Forte (L200) моделінің жаңа түрі шықты. Осы жылдары Mitsubishi Motors Corporation автокөліктері, автокөлік баспасөздерінде көптеген мақтау қағаздарын алды. Ал "Motor Fan" журналында жылдың үздік автокөлігі атанғандар: 1976 жылы Galant Sigma моделі, 1979 жылы Colt 1400 GLX моделі; Pickup, Van & 4WD журналында L200 АҚШ-дағы жылдың үздік пикапы деп аталды. 1977 жылы Galant Sigma моделі Оңтүстік Африкада жылдың үздік автокөлігі атанды.






Сурем 1.12. Mitsubishi Pajero.




Сурем 1.13. Mitsubishi RVR.



Бұл Pajero командасының 1983 және 1984 жылдары Париж-Дакар раллиінде жеңіске жетуіне мүмкіндік берді. 1982 жылы мынадай жаңа модельдер шығара бастады: ABS жүйесімен қамтылған Starion, Treo седаны, Cordia хэтчбегі және толық жетекті Delica пикапы. Ал 1983 жылы Chariot (Space Wagon) моделі шықты.

1984 жылы Германия Galant моделін «Алтын руль» ("Das Goldene Lenkrad") сыйлығымен марапаттады. 1984 жылы Франция мен Австралияда Pajero "4x4 of the Year" деген марапат алады, ал 1985 жылы Австралияда Pajero Long Wagon "4x4 of the Year" сыйлығымен марапатталады. Pajero - ның жеңіс жолы Париж - Дакар раллиінде жалғасып,





Сурет 1.14. Mitsubishi Carisma.

1992 жылы жапон ішкі нарығы үшін Galant базасындағы Emeraude және Lancer Evolution моделі шығарылды. Осы жылы Mitsubishi ойлап шығарушылары MIVEC және INVECS жүйелерін ұсынды, ал Европада Mitsubishi Motors Europe Design Studio ашылды. INVECS жүйесін сол кезде Жапонияның зерттеу конференциясы "жыл технологиясы" деп атады.

1989 жылы бұл өндіріс орны Америка тұтынушыларына арнайы жасалған жаңа Eclipse моделін қарастырды. 90-шы жылдарда Mitsubishi өзінің спорттық жеңістерін көбейтті, өйткені Pajero 1991 жылы раллида жеңіске жетті.

1990 жылы корпорация (3000GT) спорттық моделін шығарып, "Motor Trend" журналында 1991 жылы АҚШ-тағы ең жақсы импорттық



Сурет 1.15. Mitsubishi Pajero.



Сурет 1.16. Delica Space Gear (L400 / Space Gear).

1994 жылы Mitsubishi мынадай модельдер шығара бастады: FTO, INVECS-II жаңа жүйесімен жабдықталған және спорттық режимді АКПП, Delica Space Gear (L400 / Space Gear) және кіші толықжетекті Pajero Mini. Одан басқа Libero EV электромобилі сатыла бастады. Жаңа FTO автокөлігі Жапониядағы "жыл көлігі" атанды. 1994 жыл - "Car Information" журналы Lancer-ді жыл автокөлігі деп атады. Ұлыбританияның "What Van?" журналы толықжетекті L200-ді "Top Pickup 1994/1995" титулымен марапаттады. "Which Car?" журналы Pajero-ға "1994 жыл 4WD-сі" деген ат берді. 1995 жылы Mitsubishi Volvo концернімен және Голландия басшылығымен бірігіп Голландияда арнайы NedCar зауытын ашты. Бұл зауытта Mitsubishi-дің алғашқы еуропалық автокөлігі Carisma моделі пайда болды. Сол жылы Chrysler және Mitsubishi көмегімен Diamond-Star Motors Corporation өндірісі толық бақылауға алынды.





Сурет 1.17. Mitsubishi Lancer X.

Англияның "Car" журналы GDI технологиясын «Дизайн және технология» сыйлығы деп атады. 1995 жылы Mitsubishi жеңістерін Lancer, Pajero және Lancer Evolution модель командалары жалғастырды.

1996-шы жыл – Challenger моделі болды. Сол жылы Хоккайдодағы Токачи жаңа полигонын салуға алғашқы қадам жасалды. Бұл автокөліктерді сынау полигоны болатын. 1998-1999 жылдары Mitsubishi-дің мына модельдері: Pajero iO (Montero iO / Pajero Pinin), Space Star, Dingo, люкс-сыныбынан Proudia и Town Box седаны – Minicab моделінің жаңа түрлері. Сонымен қатар GDI қозғалтқышы кеңінен қолданылды. Mitsubishi XXI-ші ғасырға көптеген марапаттар әкелді. Автоспорт саласында да, ғылыми жетістіктерде, автокөлік компаниясы автокөлік әлеміне үлкен үлес қосты.





Сурет 1.18. Mitsubishi Dion.

2000 жылы бекітілген стратегиялық альянс Mitsubishi және DaimlerChrysler автокөлік құрастыру әлемінде корпорацияны үштік көшбасшы қатарынан көрсете білді. Сол жылы Голландия NedCar зауытынан шыққан автокөліктер саны миллионнан асты. Pajero III және Dion модельдеріде шықты. Жапонияда Wagon және Airtrek жаңа модельдері шығарылып, Lancer Evolution көлігі жетінші шығарылымы шығарылды. Заманауи Mitsubishi автоқұрастыру әлемінде әлемдік гигантқа айналды.





Сурет 1.19. Mitsubishi
Montero Sport -1



Сурет 1.20. 2000–2004 жыл Mitsubishi
Montero Sport (АҚШ)

Бірінші Mitsubishi Montero Sport автомобилі жапонияда 1996 жылы шығарылып, 1997 жылы барлық экспорттық сатылымда қол жетімділік көрсетті.

Әр мемлекетте әр түрлі атаумен аталып жүрді:

Pajero Sport Европада, Montero Sport Солтүстік Америкада Солтүстік Америкада және оңтүстік Америкада, сонымен бірге Филипинде, **Nativa** орталық Америкада, **Shogun Sport** Ұлыбританияда, **GWAGON Таиландта** Таиландта. Mitsubishi Pajero Sport-тың бірінші буыны Mitsubishi Pajero-ның екінші буынының платформасында құрылды.



Спортта да, Рајего сияқты, алдыңғы жағына тәуелсіз торсионды асқыш, артқы жағына бүтін артқы белдік орнатылған. Спортта шығарылым барысында көптеген рестайлингтер болды, соның бірі 2000 жылы артқы асқыш рессордың орнына серіппелі асқышпен ауыстырылды. Сұраныстың жоғарлауына байланысты автомобильді құрастырып – жинастыру жұмыстарын Қытайда 2003 жылы, Бразилияда 2006 жылы жолға қойылды.



**Сурет 1.20. 2000–2004 жыл
Mitsubishi Montero Sport (АҚШ)**



**Сурет 1.21. Mitsubishi Montero Sport LTD
3.5L AWD HYBRID LSD**

Автомобильдің сатылымы Жапонияда 2003 жылы, Солтүстік Америк Автомобильдің сатылымы Жапонияда 2003 жылы, Солтүстік Америкада 2004 жылы (Endeavor моделіне ауыстырылуына байланысты), орталық және батыс Европада 2008 жылы тоқтатылды. Қозғалтқышының ең көп қолданыстағы түрі — 3-литрлі бензинді V6 —170 аттың күшіне 5000 айн/мин жиілігінде жеткізеді. Қозғалтқыштың жүктелуіне байланысты 163 ат күшінен 197 ат күшіне дейін жеткізілді. Сонымен қатар V6 3,5(6G74) литрлі және турбодизель 2,8 литрлі(4M41) қозғалтқыштары да орнатылатын болды.

Әлемнің көп бөлігінде Pajero Sport Part-time (өсаралық дифференциалсыз) типті үлестіргіш қорабымен сатылымда жүргізілді, жұмыстық режимдері: артқы жетек, толық жетек, толық жетек төмендету берілістерімен болды. Жапонияда Super select (өсаралық дифференциалды) типті үлестіргіш қорабымен сатылымда жұмыстық режимдері: артқы жетек, толық жетек бұғауланбаған өсаралық дифференциалымен, толық жетек бұғауланған өсаралық дифференциалымен, толық жетек бұғауланған өсаралық дифференциалымен және төмендету берілістерімен.



2000 жылы бұл модельдердің тұрақтылығы болды (2000 жылғы Mitsubishi Challenger (Австралия) көлемімен).


Жапонияда Challenger атауымен сатылады, ал американдық саудада **Montero Sport** – атауымен белгілі. Pajero Sport-тың екінші буыны 2008 жылы м атауымен белгілі. Pajero Sport-тың екінші буыны 2008 жылы мәскеулік халықаралық салонында көрсетілімге шығарылды.

Жолталғамайтын автомобильдің екінші буыны 2008 жылдан бері шығарылып келеді. Ал 2013 жылы Калуг Жолталғамайтын автомобильдің екінші буыны 2008 жылдан бері шығарылып келеді. Ал 2013 жылы



«MITSUBISHI PAJERO SPORT»

жеңіл автокөлігі алдыңғы
жетекші белдігінің құрылысы,
классификациясы, қызметі
және жұмыс істеу принципі.






Mitsubishi Pajero Sport автокөлігінің жетекші белдігі, ішінде басты беріліс, дифференциал және жартылай остер жинағы бар картерден тұрады. Оның ерекшелігі доңғалақ күпшектеріне жартылай ось шестернялары арқылы берілетін айналу сәті өзгермелі бұрыш арқылы жүзеге асады. Сондықтан әрбір жартылай ось бөлшектелген болып келеді. Жартылай осьтің екі бөлшегінің арасына бұрыштық жылдамдықтары тең карданды шарнир орнатылады. Ол сопақ жырашық (канавка) болып келетін екі фасонды айырдан және бір орталықты және жетекші шариктерден тұрады. Орталық шаригінің бұрғылау орны болады, және ол саусаққа орнатылып, айыр саңылауы арқылы өтіп жатқан шпилькамен тоқтатылады. Жетекші айыр (вилки) айналған кезде шариктер арқылы негізгі күш жетекке беріледі. Олар өзінің жырашықтарында еркін аунаған кезде, айырмен шариктер арасындағы бұрыш осы әрбір сәтке теңдей бөлінеді, яғни 40° бұрышқа бұрылған басқарылатын доңғалақтарға айналу сәтінің біркелкі берілуін қамтамасыз етеді. Жетек айырының білігі бұрылыс цапфасының ішімен өтіп, дөңгелек күпшегіне шпилькалармен жалғанған фланец шлиціне өзінің шлицаларымен кіреді. Күпшек екі роликті конусты подшипниктер арқылы бұрылу цапфасына орнатылған. Бұрылу цапфасы күпшегімен бірге, роликті конусты ішпекпен шкворень тікенегінің (шипты) алмалы – салмалы тұрқысында орнатылады. Тікенектер жартылай ось қаптамасының сфералық чашкасына пісірілген. Рычагтың бұрылу цапфасы автокөліктің рульдік басқару тартымдарына жалғанады.

Дифференциал тұрқы бұрандамен 1 жалғанған екі бөліктен тұрады 2, 10. Ол белдік картеріне екі конусты роликті ішпектермен орнатылған. Дифференциалдың тұрқы мен дифференциал ішпектерінің ішкі сақиналарының арасына реттегіш сақина орнатылған. Тұрқында сателлиттердің 6 екі осі орнатылған, на оған сателлиттер 5, екі жартыості тістегеріштері 4, 7 тірек тығырықтарымен 3, 8 еркін орнатылған. Сателлиттер жартыості тістегеріштер тұрақты байланыста болады.

Жартыості тістегеріштердің шлицалы саңылауына жартыостің шлицалы ұштары кіргізіледі.







2.1. сурет. Mitsubishi Pajero Sport осаралық дифференциалы:

- 1 - дифференциал тұрқының бұрандасы;
- 2, 10 - дифференциал тұрқы;
- 3, 8 - тірек тығырығы;
- 4, 7 - жартыості тістегеріштер;
- 5 - сателлиттер; 6 - сателлиттер осі;
- 9 - басты берілістің жетекші тістегеріші;
- 11 - басты беріліс жетекші тістегерішін бекіткіш бұранда.

Дифференциал бұралу моментін жетекші доңғалақтарға таратып, оң және сол жағындағы доңғалақтардың, автомобильдің бұрылыс кезінде әртүрлі айналу жиілігінде қозғалуы үшін қолданылады.

Автомобильдерде доңғалақ аралық конусты симметриялы, доңғалақ аралық конусты, жұдырықшалы дифференциалдар қолданылады. Конусты симметриялы дифференциал басты беріліске орнатылған тістегерішті механизм.

Басты берілістің жетекші тістегерішінен бұралу моменті жетектегі дөңгелек пен дифференциал қорабына, онымен бірге айналатын шабақ пен тістегеріш - сателлиттерге және жарты осьтар арқылы жетекші доңғалақтарға беріледі.



2.2. сурет. Артқы белдік балкасы бөлек редукторымен (ортаңғы бөлік):


1 — сомын; 2 — жетекші тістегеріш фланеці; 3 — манжеті; 4, 6, 11 — ішпектер; 5 — сақина; 7 — реттгіш сақина; 8 — редуктор картері; 9 — жетекші тістегеріш; 10 — дифференциал; 12 — жартыось; 13 — төсем; 14 — таяныш тілімше; 15 — картер; 16 — дифференциал ішпектерінің сомыны; 17 — дифференциал ішпектерінің қақпағы; 18 — май құю қуысының тығыны; 19 — жетектегі тістегеріш; 20 — сапун.






- Басты берілістің жетекші тістегерішінен бұралу моменті жетектегі дөңгелек пен дифференциал қорабына, онымен бірге айналатын шабақ пен тістегеріш – сателлиттерге және жарты осьтар арқылы жетекші доңғалақтарға беріледі.
- Ось аралық конусты дифференциал жоғары өткіштегі доңғалақ формуласы 6×4 , 6×6 жетекті белдікті, жолдың әртүрлі жағдайында жұмыс істей алатын автомобильдерде қолданылады. Мұндай дифференциал құрылысына: флянец, картер, қорап, жетекші және жетектегі дөңгелектер, крестовина, сателлиттер,
- артқы белдік жетегінің тісті дөңгелегі, аралық белдіктің тісті дөңгелегі, жетекші тістегеріш, тісті муфта мен блоктау муфтасы жатады. Жетекші белдік қатты, іші қуысталған балка, үш негізгі элементтен: екі
- жартылай осьтің жеңінен, ортаңғы – картерден, онда орналасқан басты беріліс пен дифференциалдан тұрады. Балканың екі шетіне болат түтікті жартылай остің құндағы престеліп бекітілген, оған дөңгелек күпшегі орнатылады. Белдікті дайындау әдісі бойынша құйма немесе штампалы – пісіріліп жасалады.






2.3. сурет. Басты беріліс: 1, 26, 34, 36, 37 – бұрандалары; 2, 33 – серіппелі тығырықтар; 3 – жетектегі тістегеріштер; 4, 24 – жартыостер; 5 – дифференциалдың остік қоғалысын реттегіш сақина; 6, 22 – пішпектер; 7 – кергіш төлке; 8 – сыртқы роликті ішпектің сырқы құрсауы; 9 – роликті ішпек; 10 – тірек сақина; 11 – сальник; 12 – шағылыстырғыш; 13 – фланці; 14 – тығырық; 15 – сомын; 16 – жетекші белдіктің картері; 17 – жетекші тістегеріштің реттегіш сақинасы; 18 – ішкі роликті ішпектің сырқы құрсауы; 19 – ішкі роликті ішпек; 20 – майсыдырғыш сақина; 21 – жетекші тістегерішімен жинақталған білік; 23 – дифференциал ішпектерінің реттегіш сомыны; 25, 39 – дифференциал қорабының чашкасы; 27, 40 – жартыос тістегерішінің тірек тығырығы; 28, 43 – жартыостің тістегеріші; 29, 45 – дифференциал сателлиттерінің осі; 30, 41, 44, 46 – дифференциал сателлиттері; 31, 38 – дифференциал ішпектерінің қақпағы; 32 – дифференциал ішпектерінің реттегіш сомын фиксаторы; 35 – басты беріліс картерінің қақпағы; 42 – басты беріліс картерінің қақпағының төсемі.



2.4. сурет. Mitsubishi Pajero Sport автомобилінің «Спайсер» артқы белдігінің сұлбасы. 1-картері; 2-басты берілістің жетектегі тістегеріші; 3- басты берілістің жетекші тістегеріші; 4-артқы ішпек; 5-алдыңғы ішпек; 6-сақина; 7- фланці; 8-сомын; 9-тығырық; 10-манжеті; 11-кергіш төлке; 12-реттегіш сақина; 13-майқайтарғыш сақина; 14-май құю қуысының тығыны; 15-дифференциал ішпегі; 16-оң жағының жартыосі; 17-дифференциал ішпегінің сомыны; 18-бұранда; 19-таяныш тілімше; 20-таяныш тығырық; 21- картер қапағы; 22-дифференциал; 23-бұранда; 24-төсем; 25-сол жағының жарты осі; 26- сақтандырғыш клапан; 27-реттегіш сақина; 28-бұранда; 29- дифференциал ішпегінің қақпағы.






Дифференциал былай жұмыс істейді. Автокөліктің түзу тік жолмен қозғалыс кезіндегі доңғалақтарының айналу жиілігі тең, дифференциалдың тетіктері басты берілістің жетекші шестернясымен бірбүтін болып айналады. Басты берілістің жетекші шестернясының айналу сәті сеператорға беріледі, одан жұдырықшалар арасына сыналған сұхарьлар арқылы жұлдызшаға және жартылай осьқа беріледі. Бұл жағдайда доңғалақтар арасына ол теңдей таратылады. Бұрылыс кезінде немесе тегіс емес жолмен жүргенде, доңғалақтардың біреуі біреуінен жылдам айналған сәтте, дифференциал жұлдызшалары да әр түрлі жиілікте айналады. Қалып келе жатқан доңғалақпен жалғасқан жұлдызша, ақырын айналып өзінің жұдырықшаларымен сұхарьларды жұлдызшалардың екінші жағына итеріп, оның жылдамдығын жоғарылатады. Бұл кезде сұхарьлар жұдырықшалармен тайғанақтап тұрады. Жұдырықшалардың беткі жазықтықтарында үйкелу күші пайда болады. Олардың бағыты артта қалған және алға шығу жұлдызшаларының жұдырықшаларында әр түрлі: артта қалған тең әсер ететін үйкеліс күші айналу жағына, ал алға шығу жұлдызшасында – айналудың кері бағытына қарай


бағытталған. Үйкеліс күші жұлдызшалардың айналу осының, айналу сәтін біркелкі ету үшін, артта қалған жұлдызшада жоғарылатады, ал алға шығу жұдырықшасында төмендетіледі. Артта қалған доңғалаққа берілген сәт, алға шығу доңғалағына берілен сәттен жоғары болады.


- Жоғары үйкелістегі жұдырықшалы дифференциалдар автокөліктердің жолдың тайғанақ бөлігімен өткен кезде ыңғайлы болып келеді. Оның үстіне олар тістегерішті дифференциалдардан қымбат болып келеді.





- *Жарты остер* дифференциалдан берілген бұрылу моментін жетекші дөңгелектерге жеткізу үшін орнатылады. Әрбір жарты ось ішкі ұштарындағы шлица арқылы дифференциалға орнатылған жартылай осьтік тістегерішпен жалғастырылған. Сырқы жағымен фланц арқылы дөңгелек күпшегіне болт арқылы бекітіледі. Бұралу моменті жатылай осьтан жетекші доңғалаққа ішпекті түйін арқылы беріледі. Осыған байланысты жарты осьтар екі негізгі түрге : жартылай түсірілген жарты осьтар, толық түсірілген жарты осьтар болып бөлінеді.
- *Жартылай түсірілген жарты остер* дегеніміз – құндақтың ішіне орнатылған тірек шарикті ішпекке орнатылып, бұралу моментін жеткізуімен бірге бұратылу мен қисаю моментін де қабылдайды.
- *Толық түсірілген жарты остер* дегеніміз – бұратылу мен қисаю моментінен арылып, тек бұрылу моментін жеткізеді. Мұндай остер доңғалақ күпшегі құндаққа орнатылып, екі кеңінен қойылған роликті ішпекке бекітіліп, қисаю моментін құндақ қабылдап, жарты остер бұралу моментін ғана жеткізеді.





2.6. сурет. Mitsubishi Pajero Sport автомобилінің басты берілісі мен дифференциалы:

- 1 - сақтандырғыш клапан;
- 2 - дифференциал ішпегі;
- 3,8 - реттегіш төсем;
- 4 - жетекші тістегеріштің артқы ішпегі;
- 5 - реттегіш сақина;
- 6 - майқайтарғыш сақина;
- 7 - сомын;
- 9 - жетекші тістегеріш;
- 10 - жетекші тістегеріштің алдыңғы ішпегі;
- 11 - жартыості тістегеріштің тірек тығырығы;
- 12 - жетектегі істегеріш.



Техникалық қызмет көрсету
түрлері, «MITSUBISHI PAJERO
SPORT» жеңіл автокөлігі алдыңғы
жетекші

белдігіне техникалық қызмет
көрсету, бақылау – диагностикалық
зерттеу және реттеу жұмыстары






Техникалық қызмет көрсету (ТҚК) жоспарлы түрде жылжымалы құрамның белгілі жүріс ұзақтығынан немесе жұмыс мерзімінен кейін өткізілетін профилактикалық шаралар болып табылады. ТҚК жылжымалы құрамды техникалық жарамды жай-күйде ұстауға, детальдардың қарқынды тозуын азайтуға, сол сияқты уақытылы жою мақсатымен істен шығулар мен ақаулытарды айқындау үшін арналған. ТҚК немесе жөндеу операциялары алдын-ала бақылау немесе онсыз жүргізіледі.

Бақылау-қарау жұмыстарына сыртқы зақымдануды байқау мақсатымен автомобильді (тіркемені, жартылай тіркемені) сыртқы қарау, сол сияқты маңызды агрегаттар, механизмдер мен жүйелердің жұмыс қабілеттілігін тексеру жұмыстары жатады

Майлау, тазарту және толтыру жұмыстары. Оларға жататындар: қозғалтқыш картерлеріндегі және гидромеханикалық берілістер қорабындағы, жоғарғы қысым отын сорғысында және қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін реттеуішінде майдың деңгейін тексеру, тежеу гидрожетектерінде және ілінісуді сөндіру механизмдерінде сұйықтық деңгейін тексеру.

ТҚК-1 кезінде келесі бақылау (диагностикалық), бекіту және реттеуіш жұмыстарын (жылжымалы құрам жуу және жинаудан соң түседі) өткізеді. КҚ -тің жалпы бақылау-қарау жұмыстарын өткізу.






ТҚК-2 кезінде ТҚК-1 қарастырылған барлық жұмыстарды және қосымша бақылау-реттеу жұмыстарын орындайды. Қажет болса, қозғалтқышта, трансмиссия агрегаттарында, рульдік басқаруда, жоғарғы қысым сорғысында және т.б. майды ауыстырады.

МҚК. Мауысымдық техникалық қызмет көрсету кезекті ТҚ-2 кезінде автомобильді қысқы және жазғы пайдалану жағдайына дайындай мақсатымен өткізіледі.

Қозғалтқыш және радиатор. Алдымен қозғалтқышты, содан соң жуатын судың ағынын қозғалтқыштағы салқындатқыш сұйықтықтың айналмасына қарсы ағынмен жуады. Осының алдында қозғалтқыштан термостаттарды шешіп алу керек, цилиндрлер блогы мен радиатордан ағызу крандарын бұрап алып, кеңейткіш шанға баратын құбыршектерді ажыратып (КамАЗ қозғалтқыштарында), барлық тесіктерді тығындармен жауып тастайды.

Термостат қозғалтқыштың салқындату жүйесінде сұйықтықтың температурасын автоматты реттеу және қозғалтқышты қосқан соң оның тез қыздыру үшін арналған.



Алдыңғы жетекші белдікке техникалық қызмет көрсету. Алдыңғы белдікке техникалық қызмет көрсету кезеңінде картердегі қажетті май деңгейін тексеру, оның майын ауыстыру, бұрыштық жылдамдықтары тең карданды және шквореньдерді майлау, шкворня ішпектерінің тартылу жағдайын тексеру, доңғалақтардың қосылуын тексеру, босаған жалғану орындарын қатайту, жетекші тістегеріштің білік ішпектерінің тартылу жағдайын тексеру жұмыстары орындалады. Ілінісуді реттеу тек жаңа тістегеріштерді орнату кезінде ғана реттеледі.

Жетекші белдікті реттеу. Алдыңғы белдіктің ішпектерін, тістегеріштердің ілінісуінің бүйірлік саңылаумен түйісуін реттеу автокөлікті пайдалану кезінде орындалмайды. Оларды реттеу тек қана тетіктердің біреуі ауыстырылған жағдайда немесе подшипниктер қатты тозған кезде орындалады. Тістерінің тозу әсерінен пайда болған басты беріліс шестерня тістерінің арасындағы жоғарғы бүйірлік саңылау реттеу арқылы қалпына келтірілмейді. Өйткені бұл жағдайда жұмыс істейтін тістегеріштердің жағдайы өзгеріп кетеді. Осының әсерінен оның тістері сынып немесе жоғарғы шу дыбыстар пайда болады. Конусты ішпектердегі люфтті жетекке алынатын және жетекші шестернялардың жұмыс істеу жағдайын бұзбай жою қажет.



- *Алдыңғы жетекші белдікке техникалық қызмет көрсету.* Алдыңғы белдікке техникалық қызмет көрсету кезеңінде картердегі қажетті май деңгейін тексеру, оның майын ауыстыру, бұрыштық жылдамдықтары тең карданды және шквореньдерді майлау, шкворня ішпектерінің тартылу жағдайын тексеру, доңғалақтардың қосылуын тексеру, босаған жалғану орындарын қатайту, жетекші тістегеріштің білік ішпектерінің тартылу жағдайын тексеру жұмыстары орындалады. Ілінісуді реттеу тек жаңа шестерняларды орнату кезінде ғана реттеледі.
- *Жетекші белдікті реттеу.* Алдыңғы белдіктің ішпектерін, шестернялардың ілінісуінің бүйірлік саңылаумен түйісуін реттеу автокөлікті пайдалану кезінде орындалмайды. Оларды реттеу тек қана тетіктердің біреуі ауыстырылған жағдайда немесе ішпектер қатты тозған кезде орындалады. Тістерінің тозу әсерінен пайда болған басты беріліс тістеріш тістерінің арасындағы жоғарғы бүйірлік саңылау реттеу арқылы қалпына келтірілмейді. Өйткені бұл жағдайда жұмыс істейтін тістегеріштердің жағдайы өзгеріп кетеді. Осының әсерінен оның тістері сынып немесе жоғарғы шу дыбыстар пайда болады. Конусты ішпектердегі люфтті жетекке алынатын және жетекші шестернялардың жұмыс істеу жағдайын бұзбай жою қажет.
- *Бұрылыс цапфасының шкворень ішпектерінің тартылуын реттеу.* Шкворень ішпектерінің тартылуын тексермес бұрын доңғалақтардың, күпшек ішпектерінің тартылуын тексеру қажет. Шкворень ішпектерінің тартылуын доңғалақтар домкратпен көтерілген кезде және руль тартымдары ағытулы кезде тексеріледі. Тексеру кезінде доңғалақтарды қолмен тік жазықтықта әр-түрлі бұрышқа сілкілеу қажет. Шкворень ішпектері реттелген соң ешқандай люфт болмауы тиіс, әйтпесе ішпектер тез арада бұзылады. Шкворень ішпектерін реттеу үшін 0,10 - 0,15 мм төсеуіштер қолданылады. Зауытта реттелген ішпектер үсті жағынан да, төменгі жағынан да бірдей мөлшерде және бірдей қалыңдықты төсеуіштерге ие. Шкворень ішпектерін реттеу кезінде төсеуіштерді бірдей мөлшерде үсті жағынан да, төменгі жағынан да міндетті түрде шешу қажет. Әйтпесе бұрылыс цапфасының тетіктер жиынтығының жиынтығы бұзылады. Ішпектер дұрыс реттелген жағдайда бұрылыс цапфасы қолмен күш түсірмей шкворняға байланысты қозғағанда бұрылуы қажет. Сол жақтағы үстіңгі шкворняны реттеу кезінде рульдік тартымның көлденең рычагын шешпес бұрын, *жетекші жүйесімен* шиналардағы ауа қысымын реттегіш жүйесінің иілгіш шлангтерін ажырату қажет. Бұрылыс рычагын шешу үшін ешқашан оның шпилькаларын бұрауға болмайды.






- **Жетекші тістегеріш білігінің ішпектерінің тартылуын тексеру.**
- **Жетекші тістегеріш білігінің осьтік люфті артқы роликті ішпектегі ішкі сақинамен кернегіш сақина арасына орнатылған төсеуіштерді жою арқылы ішпектер қатайтылады. Осьтік люфт индикаторлық құрылғы көмегімен жетекші тістегеріш білігін бір орыннан екінші орынға жылжыта отырып тексеріледі. Егер индикаторлық құрылғы жоқ болса, фланецті қолмен сілкілеу арқылы тексеруге болады. Қонусты ішпектердегі жетекші тістегеріш білігіндегі осьтік люфт байқалса, ішпектер міндетті түрде тартылады, яғни қаттылайды. Оларды реттеудің реті:**
 - - Карданды біліктің артқы жағын ажырату.
 - - Жартылай осьті шығару.
 - - Редукторды шығару.
 - - Тіректің бүйір жағы редуктор картеріндегі құю бүйір жағына шықпайтындай етіп, жетекке алынатын тістегеріштің тірегінің винтін бұрау.
 - - Май сыдырғыш түтікті шешу.
 - - Дифференциал ішпектерінің сомынын бұрау.
 - - Дифференциал ішпектерінің қақпағын шешу.
 - - Дифференциалды жетекке алынатын тістегеріш жағына жылжытып, оны суырып алу.
 - - Муфтаны шығару.
 - - Муфтаны бөлшектемес бұрын, ішпектер арасында қажетті мөлшерде төсеуіштер бар жоқтығын тексеру қажет. Бұл үшін муфта фланецін қысқышта қысып, ал кардан білігінің фланецінің бекіту гайкасын тоқтағанша бұрау қажет. Егер төсеуіштер саны жеткіліксіз болса, онда гайкаларды тартқанда, ішпектерді қайта тартуға алып келеді және жетекші тістегеріш білігінің айналуы қиындайды немесе мүлдем айналмайды.




- **Ішпектердің тартылуын тексеру.** Ішпектердегі тартылу жетекші шестерня білігінің айналу кедергісінің сәті 6 – 14 кгсм аралығында болғанша реттелуі керек. Ішпектерді безмен көмегімен тексереді. Бұл үшін муфраны қысқышта қысып, фланец саңылауына безменнің ілгішін іліп, тістегеріш білігін ақырын айналдырады. Безмен шкаласындағы көрсеткіш 1,25 – 2,9 кг аралығында болуы тиіс. Муфраны айналдыруға қажетті алғашқы күшке назар аударылмайды. Егер ішпектердің айналу қарсылығы қалыпты болса, онда білік бүйіріне және гайкаға белгі салу арқылы гайканың құйрықшаға байланысты жағдайын ескерген жөн. Содан кейін гайканы бұрап, сальникті қақпағымен бірге өз орнына салып, гайканы белгіленген орынға дейін тартып, шплинттеу қажет. Дифференциалдың осьтік саңылауы 0-ге дейін дифференциал ішпектерінің тартылуын реттеу.

- Нөлдік саңылау кезінде ішпектің әр реттегіш гайкасын ішпектердің алдын-ала тартылуын қамтамасыз ету үшін бұрау.

- Тістегеріш тістерінің бүйірлік саңылауын тексеру үшін индикаторды орнату






3.1. Сурет Жетекші тістегеріш білігінің ішпектерінің тартылуын тексеру



3.2. сурет. Бүйірлік саңылауды тексеру



- 
- *Бөлшектердің техникалық жағдайын анықтау.* Алдыңғы белдіктің бөлшектерінің техникалық жағдайын анықтау беріліс қорабының бөлшектерінің техникалық жағдайын анықтау сияқты.
 - *Тістегеріштер.* Жетекші және жетекке алынатын тістегеріштердің тістерін қарап тексеріп, тозу іздерімен сызаттар барма жоқпа қарап шығу қажет. Тозған тістегеріштер қалпына келтірілмейді. Сызаттары бар тістегеріштер алдағы уақытта жұмыс істеуге жарамсыз. Дифференциал тістегеріштерінің тірек жазықтықтарымен тістерін қарап шығу қажет. Жартылай осьті тістегеріштің мойынтірегінің тозуы белдіктің жұмыс істеу кезінде шулы – дыбыстар пайда болуына себеп болуы мүмкін. Тіректі жазықтықтармен тіректі шайбалардың шлицтерінің тозуы берілісте үлкен саңылау тудырады.
 - *Ішкі сақина және ішпектің роликтері.* Роликтің дөңес жақтарын тозуға тексеріп шығу керек. Роликтің дөңес бетіндегі сатылы тозу ішпектің жеткіліксіз қатайтылмағандығы немесе роликтердің аздап ауытқып кеткені жайлы білдіреді. Сызаттармен құбылмалы түстер байқалмаса, роликтер жарамды болып есептеледі. Беріліс қорабының ішпектеріне көрсетілген жарамсыз белгілер, алдыңғы белдіктің ішпектеріне де қатысты.
 - *Кардан фланеці.* Жетекші тістегеріш білігінің алдыңғы ішпегімен жанасып тұратын фланецтің бүйір жағы жұмыр және алтыншы сыныптар қатарына сәйкес келуі қажет. Шлицті саңылау осьтеріне бұл бүйір жақтың перпендикулярлығы 0,05 мм-ден жоғары болмауы тиіс.
 - *Жетекке алынатын тістегеріштің соққылауын тексеру.* Жетекке алынатын тістегеріштің соққылануын суретте көрсетілгендей тексеру қажет. Рұқсат етілген соққылану 0,15 мм болуы қажет. Тексеру кезінде соққылануы көрсетілген белгіден жоғары болса, онда тістегеріштерінде деформация орындары, сателлиттер қорабының тозуы немесе ішпектердің шектен тыс тозуы орын алады. Жарамсыз тетіктер ауыстырылады.
- 



- *Mitsubishi Pajero Sport* автомобилінің Спайсер артқы белдігінің доңғалақ күпшегін реттеу. Ішпекті реттеуді мұқият қадағалаңыз. Ішпектің бос тартылуы жүріс кезінде ішпекті істен шығаратын соққыларға әкеледі. Қатты тартылған ішпектер қыздырылып, оның майланған майлары ағып ішпектің істен шығуы артады. Сонымен бірге алдыңғы доңғалақтың күпшегі ішпектерінің үлкен саңылауы тежеуіш педалінің бос жүрісін арттырады. Ішпектегі саңылауды доңғалақты тербету арқылы тексеріңіз.
- Күпшек ішпегінің майын айырбастау үшін, күпшекті цаппадан шығарыңыз, ескірген майын алып, ішпек пен манжетін тазалап жуыңыз.
- Ішпек пен манжетінің жұмыстық жиегін дұрыстап майлаңыз. Роликті ішпектің роликтерінің арасына майды толықтырып салыңыз. Ішпектердің арасына арасына майдың қалыңдығы 10-15 мм болуы тиіс. Доңғалақ тежеуіш механизмдеріне майдың ағауын болдырмау үшін, күпшекке майды өлшемнен артық тығыздауға болмайды.




Жөндеу түрлері, «MITSUBISHI
SPORT MONTERO» жеңіл
автокөлігінің салқындату жүйесі
бөлшектерінің ақаулары, жөндеу
технологиясы және
қолданылатын құралдар
мен жабдықтар.




Автомобильді жөндеудің екі әдісі бар: жеке және агрегатты. Жеке әдіспен жөндеу кезінде автомобильден зақымданған агрегаттарды шешіп алып, оларды қалпына келтіреді және жөндеген соң оны сол автомобильге орнатады. Автомобиль оның агрегаттарын жөндеу кезінде бос тұрады. Жөндеудің жеке әдісі өте сирек қолданылады.

Агрегатты әдіспен жөндеуде автомобильден бұзылған агрегаттарды шешеді және олардың орнына жөнделген немесе айналымдық қордан жаңаларын орнатады. Күрделі жөндеуді талап ететін автомобильден шешілген агрегаттарды автожөндеу зауыттарына жібереді. Ағымдағы жөндеуді талап ететін агрегаттарды автокөліктік кәсіпорынның шеберханаларында жөндейді.

Күрделі және ағымды жөндеу. Жөндеу жұмыстарының міндеттері. Жөндеу сипатына және міндетіне сәйкес күрделі және ағымдағы (өтімдегі) болып бөлінеді. Жұмыс қабілетін жоғалтқан автомобильдерді және агрегаттарды белгіленген уақытта қалпына келтіру үшін, олардың келесі күрделі жөндеуге дейін немесе жарамсыздыққа шығарғанға дейін жаңа автомобильдер және агрегаттар үшін, 80% кем емес жұмыс қабілетін қамтамасыз етуге арналған






Жөндеумен автомобильдік көліктің жылжымалы құрамының жұмысқа қабілеттелігін қалпына келтіріледі және баптайды, жұмыс кезінде немесе техникалық қызмет көрсету кезінде айқындалған істен шығу және ақаулықтары жойылады.

Күрделі жөндеу автомобильдер мен агрегаттардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру және олардың жүрісін келесі күрделі жөндеуге дейін (немесе есептен шығарғанға дейін) жаңа автомобильдер мен агрегаттарға арналған нормаларының 80%-нан төмен емес жол жүрісін қамтамасыз ету үшін арналған.

Ағымдағы жөндеу деп пайда болған істен шығу немесе ақаулықты жою үшін өткізілетін және минималды бос тұру кезінде күрделі жөндеуге дейін белгіленген жол жүрісі нормаларын орындалуын қамтамасыз ететін жөндеуді айтады.






Салқындату жүйесінің радиаторларында келесі ақаулықтар болу мүмкін: өзекшенің ластануы, қақтың жиналуы немесе түтіктерден ағуы. Ластануды және қақты ерітіндінің 60-80^oC-қа дейін қыздырылуын, оның циркуляциясы мен радиаторды сумен келесі жууын қамтамасыз ететін қондырғыларда жояды. Радиатордың герметиктігін суы бар ваннаға салып 0,03-0,05МПа (0,3-0,5кгс/см²) артық қысым астында сығылған ауамен тексереді.

Салқындату жүйесінің радиаторларында келесі ақаулықтар болу мүмкін: өзекшенің ластануы, қақтың жиналуы немесе түтіктерден ағуы. Ластануды және қақты ерітіндінің 60-80^oC-қа дейін қыздырылуын, оның циркуляциясы мен радиаторды сумен келесі жууын қамтамасыз ететін қондырғыларда жояды.


Флюс қалдықтарын жою үшін және жіктің тоттануының алдын алу үшін оны құрамында 2% хромпик бар азот қышқылының әлсіз ерітіндісімен жуады. Пісірілген жіктің механикалық қасиеттерін жақсарту үшін жауапты детальдарды 300—350^oC-на дейін қыздырып күйдіреді және біртіндеп суытады.





4.1. Сурет. Стендке белдікті қондырууы

- **Артқы білдіктің бөлшектеп жөндеу.**
- **Көпірдің бөлшектелуін келесі кезекпен өндіріңіз:**
- 1. **Көпірді стендке орнатыңыз (сурет 3.80), май құйғыштың тығынын ағытып және май ағызатын жерден майды төгіп алыңыз.**
- 2. **Жарты өстерін бекітуінің болттарын бұраңыз және олардың көмегімен жарты өсті түсіріңіз.**
- 3. **Сомынды бұраңыз және қақпақтың бекітуінің бұрандалары және картер, көпірді ақырын екі бөлікке ажыратыңыз.**



4.2. сурет. Жетекші тістегерті престеп итеріп шығару.

- **Аралық төсемді түсіріңіз**
